# ЖЕТІСУ шұғыласы



№ 26 (9015),
жұма, 12 шілде
2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.


## РОМАН СКЛЯР XIV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ИННОПРОМ» ӨНЕРКӘСІПТІК КӨРМЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯНЫ БАСҚАРДЫ




***Екатеринбург қаласында 2024 жылдың 8-10 шілде аралығында XIV Халықаралық «ИННОПРОМ» өнеркәсіп көрмесі өтті. Іс-шараға ЕАЭО, БАӘ, Сербия, Куба, Әзербайжан, Түрікменстан, Оман, Үндістан, Тайланд, Пәкістан Түркия, Венгрия және басқа да мемлекеттердің ресми делегациялары қатысты.***

Қазақстан делегациясын Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр басқарды. Оның құрамына орталық органдардың, өңірлердің, бизнес пен ұлттық компаниялардың өкілдері кірді.

Көрмеде ірі отандық металлургия және машина жасау компаниялары: Қазақмыс корпорациясы, Қарағанды құю-машина жасау зауыты (KLMZ), Railways Systems KZ, Alageum Electric және ВодЭкоФильтр таныстырылды.

Сондай-ақ іс-шара аясында өзара тиімді ынтымақтастық бойынша бірқатар құжаттарға қол қойылды. Мәселен, Қарағанды облысы әкімдігі мен бизнес өкілдерінің қатысуымен бірлескен жобалар құру, оның ішінде автономды электрмен қоректендіру батареяларын жобалау және өндіру, кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру бойынша келісімдер жасалды.

Сонымен қатар Қазақстанның Өнеркәсіп және құрылыс министрі РФ Өнеркәсіп және сауда, БАӘ Сыртқы сауда министрлерімен, РФ Свердлов облысының губернаторымен, Башқұртстанның Премьер-Министрімен және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың («УралКран» ЖШҚ, «Еуразиялық механикалық зауыт» ЖШС, «СГМК-Металл» ЖШҚ) бірінші басшыларымен кездесулер өткізді.

Қазақстан делегациясы ЕАЭО және ТМД өнеркәсіптік саясат жөніндегі кеңестердің кезекті отырыстарына да қатысты, оның аясында ЕАЭО шеңберінде өнеркәсіпті дамытудың 2030 жылға дейінгі негізгі векторлары қамтылған орта мерзімді стратегиялық құжат қаралды.

**primeminister.kz**

## «АСТАНА КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН МАРАФОН



***Марафон(гр.Μαραθών,Marathṓn), ашық кеңістікте 42 км 195 м (26 миль 385 ярд) арақашықтыққа жүгіру. Әлемнің жетекші марафондары Халықаралық марафондар мен қашықтыққа жүгіру қауымдастығы (‘ AIMS) қолдауымен және ережелеріне сәйкес өткізіледі. (AIMS) ережелері атлетика [Халықаралық жеңіл атлетика федерацияларының қауымдастығы]мен ( IAAF) расталған.***

***Алғаш рет марафон жарысы 1896 жылғы алғашқы Олимпиада ойындарында өткізілген болатын.***

***Қазір марафон жарысына әйелдер де, еркектер де қатысады. Жүгіруге кейде мыңдаған жүйрік қатысады, мысалы дәстүрлі Бостон марафоны (алғаш рет 1897 жылы ұйымдастырылған). Әйелдерге арналған марафон жарысы 1984 жылғы Олимпиада ойындарының бағдарламасына енген.***

***2024 жылдың 6 шілде күні Ескелді ауданында “Астана күні” мерекесіне арналған тұрғындар арасында марафон өткізілді. Марафонға 200-ге жуық спортшы қатысты.***

***Жеңімпаздармен жүлдегерлер Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс шараларды өткізу орталығының медаль, грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.***

**Г.ОМАРОВА,**
**Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының жетекшісі**

## ҚАЗАҚСТАНДА МАЛ ЖӘНЕ ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ



***Мемлекет пен бизнес Қазақстанда құнды асыл тұқымды мал мен мал азықтық дақылдарды өсіру үшін күш біріктірмек. Үкіметте өткен кездесу барысында Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қолдауымен «Zhersu» корпорациясының селекциялық мал шаруашылығын дамыту бойынша ұсыныстарын тыңдады.***

Вице-премьер маусым айының бірінші жартысында Жетісу өңіріне сапарының қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық селекциясы бойынша жеке кәсіпкерліктің жинақталған тәжірибесін ел аумағында таратудың ықтимал нұсқаларын әзірлеуді тапсырған.

Кездесуде «Zhersu» және ҚазҰҒЗИ өкілдері мал шаруашылығы мен жемшөп өндіруге арналған генетикалық орталықтың жобасын таныстырды, оның қызметі негізгі үш бағытты қамтиды.

Орталықта ғылыми сүйемелдеу бағытындағы жұмыс шеңберінде асыл тұқымды малдардың селекциясы мен есебін қолданыстағы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасында цифрландыру, жемшөп, сүт, ет сапасын талдау, ДНҚ-талдау жүргізу және жемшөп дақылдары тұқымдарының сапасын бағалау бойынша аккредиттелген бес зертханасы бар генетикалық орталық құру жоспарлануда.

Сондай-ақ жоба шеңберінде табиғи жайылымдық жерлердің өнімділігін арттыру технологиясын әзірлеу және енгізу, кейіннен республиканың оңтүстік-шығысында құнарлы жайылымдар жүйесін қалыптастыру және жемшөп дақылдарының тұқым шаруашылығының заманауи базасын құру жоспарлануда.

Серік Жұманғарин Қазақстанда асыл тұқымды мал мен жемшөп дақылдарының селекциясын дамыту бойынша ұсынылған тәсілдерге қолдау білдірді. Енді ұсыныстар барлық қажетті ұйымдастырушылық мәселелер мен іске асыру мерзімдері, сондай-ақ бюджеттік өтінім бойынша егжей-тегжейлі қарастырылатын болады.

**primeminister.kz**

## МӘЖІЛІС ЖӘНЕ СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫ СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ ЖАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ




***Жетісу облысына жұмыс сапары барысында Парламент Мәжілісінің депутаты, “АМАНАТ” партиясы фракциясының мүшесі Жанарбек Садықанұлы Әшімжанов, Сенат депутаттары Жанболат Әкебайұлы Жөргенбаев, Амангелді Ғабдылкәрімұлы Толамисов Ескелді ауданындағы су торабының жұмысымен танысты.***

***Стратегиялық маңызы бар нысандарда жыл сайын арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілетіні белгілі. Соған сәйкес, су қоймасында тиісті шаралар қолға алынуы керек.***

***Стратегиялық маңызы бар нысанның жөндеу жұмыстары аса үлкен жауапкершілікті талап етеді, себебі өңірдің ауыл шаруашылығы үшін аталмыш қоймалардың берері мол. Осыған жауапты сала басшыларына да талапта күшті болу керек, - деп атап өтті депутат Жанарбек Әшімжанов.***

***Жетісу облысы аграрлы аймақтың біріне жатады. Республикадағы суармалы жерлердің 3/1 бөлігі облысқа тиісілі. Жалпы, Қаратал өзеніндегі бұл су тарту бөгеті 1976 жылы пайдалануға берілген. Бүгінде күрделі жұмыс жүргізілмеген***

***бұл нысанның техникалық жағдай қанағаттанарлықсыз деп бағаланған. Бөгеттің төменгі бьефінің бетон түбі бұлыңғыр, бос жерлер көрінеді. Бұрандалы көтергіштердің электр жабдықтары тозған, ауыстыруды және қызметтік көпір күрделі жөндеуді қажет етеді.***

***Бұл жөнінде Үкімет басшысына тиісті сауалда жолданған. Сонымен қатар, Қаратал бөгеті су жүйелерін қалпына келтіру кешенді жоспарының тізіміне енді.***

***Айта кетейік, «Қазсушар» РМК Алматы филиалы 8 ауданға қызмет көрсетеді: (Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Көксу, Панфилов, Ұйғыр және Шеңгелді). Филиал теңгерімінде 15 су алу торабы және 9 су қоймасы, 5,1 мың шақырым каналдар бар, суармалы жерлердің жалпы көлемі 197,7 мың га құрайды.***

## «ҰЛТТЫҚ МҰРА» ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚАРАТАЛ БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҚ АСЫҚ ОЙЫНЫ ӨТТІ



***Асық ойыны – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Халқымыз «Қой асығы демей-ақ, қолыңа түссе сақа тұт», «Асығың алшысынан түссін» деп мақалдап сөйлеуінде асық ойынының қазақ мәдениетіндегі өзіндік орнын байқатады. Асықтың: алшы, тәйке, бүк, шік, омпа, шоңқа деген түрлері болады. Оның ішінде алшыны өте жоғары бағалаған. Өмірде жолы болған дәулетті адамдарды «Асығы алшысынан түсіп тұр» деп айтады. Асық ойыны – әр өлкеде әртүрлі ерекшеліктерін сақ¬тай отырып дамыған ұлттық ойындардың ішінде аса танымалы және қазақ халқы¬ның дәстүрлі ұлттық ойын¬дарының ең қызықты әрі өте кең тараған түрі.***

Асық ойынына Қаратал ауылындағы жастар қатысты. Төрешілердің шешімімен орындар тағайындалып, жеңімпаздар анықталды. Барша жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

# АЛАЯҚТАРДЫҢ АРБАУЫНАН САҚ БОЛАЙЫҚ !



*Төлеңгіт ауылдық округінде 2024 жылдың 01 шілде күні Алаяқтардың арбауынан сақ болайық ! атты дөңгелек үстел өткізілді.*

*Төлеңгіт ауылдық округі әкімшілік аппаратының бас маманы Л.Копабаева қазіргі таңда Ғаламтор-алаяқтығы ең көп тараған қылмыс түрлерінің бірі болып табылады. Алаяқтардың саны артуда, өйткені Ғаламтор-алаяқтығы – оңай қол жеткізетін "табыс", оның өзінде қомақты, бұл ретте жәбірленушімен жеке кездесудің қажеттілігі жоқ! Ғаламторда алаяқтық көп жағдайда мынадай сылтаулармен атқарылады: 1. Тауарларды, жылжитын және жылжымайтын мүліктерді сатып алу және сату; 2. Еңбекке орналастыру; 3. Несиелік қарыз алуға ықпал ету; 4. Пәтерлер жалдау; 5. Бағалы сыйлықтар ойнату. Алаяқтықтың құрбаны болмаудың пайдалы 5 кеңесі: 1) Кез-келген ақпараттың аныққанығына көз жеткізбей ақиқат ретінде қабылдамаңыздар.*

*Барлық жеңілдіктер – жақсы ойластырылған маркетингтік тәсіл. Бір де бір сатушы тауарды құнынан төмен бермейді! Жеке мәліметтерді сақтаңыздар! Жеке мәліметтерді нақты қажеттіліксіз жариялауға болмайды. Бейтаныс нөмірлерден келген хабарламаларға және қоңырауларға назар аудармаңыз! Егерде сіз ақша жіберу, ссылкаға көшу, қайта қоңырау шалу ұсыныстарының хабарламаларын алған болсаңыз.*

*Ол хабарламалар қызықтыратын, қорқытатын немесе шаттандыратын болса да! Назар аудармаңыз! Бұл алдау! Алаяқтар армандаған ақшаларын қолға түсіру үшін Сіздің күшті эмоцияңызды туындатады. Сақ болыңыз! Сақ болыңыздар және күнделікті қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар, өз мүліктеріңізді сақтау үшін барлық шараларды қабылдаңыздар.*

**Төлеңгіт ауылдық округінің әкімшілігі.**

# АҚЫН САРА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ СПОРТ АЛАҢЫ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ



*Спорт алаңы (ауладағы) физкультура және спортпен үзбей шұғылдануға қолайлы жағдай жасайды. Ауладағы шағын стадион көп орын алмайды, микроауданды көріктендіре түседі. Алаңның жобасы 42×26 м мқлшерінде болады. Алаңға төселетін төсемнің құрамы 40% – майда топырақ, 50% – құмқайрақ, 10% майда әк топырақ болуға тиіс. Спорт алаңына қойылатын снарядтар негізінен металл құбырлар мен ағаштан жасалады. Негізгу снарядтар айналмалы барабан, өрмелейтін сырықтар, гимнастикалық снарядтар, бөренелер мен штангалар. Онда сондай-ақ волейбол, баскетбол және басқа спорт ойындарын ойнауға арналған алаңдар белгілінеді.*

*2024 жылдың 5 шілде күні Ақын Сара ауылдық округінде спорт алаңы ашылды. Спорт алаңының ашылу салтанатына Ескелді ауданының әкімі Е.Ахметов келіп қатысты. Ақын Сара ауылының спорт нұсқаушысы тұрғындарға арнап түрлі ойын жарыстарын өткізді. Ауыл әкімі жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттады. Алаң ашылуына орай ауыл тұрғындары арасында футбол жарысы өткізілді.*

*Жеңімпаздармен жүлдегерлер Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс шараларды өткізу орталығының кубок, медаль, грамоталарымен марапатталды.*

**Г.ОМАРОВА,**
**Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының жетекшісі**

# БАСТЫ СҰРАҚ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ МӘМС-КЕ ТӨЛЕГЕН АҚШАСЫ ҚАЙДА САҚТАЛАДЫ




*Азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төлеген жарналары мен аударымдары қайда сақталатыны және бағытталатыны қазақстандықтарды жиі қызықтырады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры оған толық жауап дайындады.*

*МӘМС қаражатын тиімді сақтаудың бұл тетігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнаманы бекіту кезінде қаланды және жүйенің активтерін, оның ішінде жыл сайын көрсетілетін медициналық қызметтердің санын ұлғайтуға және қазақстандықтар үшін медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.*

*Айта кетерлігі, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржы-шаруашылық қызметі және МӘМС активтері бойынша жыл сайын тәуелсіз аудит жүргізіледі. Жыл қорытындысы бойынша қаржылық есептілік ҚР Қаржы министрлігінің депозитарийінде және Қордың ресми сайтына орналастырылады.*

*Сондай ақ Қор ҚР Үкіметінде және ҚР Үкіметінің шоғырландырылған есептілігі шеңберінде ҚР Парламенті депутаттарының алдында үнемі есеп береді.*

*Барлық жарналар мен аударымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің арнайы шотына түседі, ал сол жерден халыққа көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу үшін медициналық ұйымдарға жіберіледі.*

*«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңда (21-бап) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры инвестициялық қызметті Қордың активтерін (МӘМС қаражатын) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыру жолымен жүзеге асыратыны көрсетілген. Бұл ретте Қор мен Ұлттық Банк арасында сенімгерлік басқару шарты жасалды.*

*Ол қалай жасалады?*

*Ұлттық Банк артылған ақшаны (МӘМС есебінен көрсетілген медициналық қызметтерге төленгеннен кейін қалатын ақша) қаржы құралдарының бекітілген тізбесіне сәйкес қатаң түрде бағалы қағаздар мен депозиттерге орналастырады. Бұл инвестициялық табыс алуға, яғни МӘМС жүйесінің жинақталған активтерінің сомасын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Олар өз кезегінде тек медициналық қызметтерге ақы төлеуге бағытталады және Қордың қажеттілігіне жұмсалмайды. Осы ретте Қор МӘМС қаржысын өз еркімен орналастырмайды.*

*2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2017 жылдан бері жинақталған МӘМС активтерінің қалдығы 933 млрд теңгені құрады.*

*2024 жылдың төрт айында Қорға 441 млрд теңге МӘМС жарналары мен аударымдар түсті, оның ішінде 42 млрд теңге сомасына инвестициялық табыс алынды. Бұл ретте медициналық көмекке ақы төлеуге жұмсалған шығыстар 354 млрд теңгені құрады. Осылайша, 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қор активтерінің қалдығы – 1020 млрд теңге.*

*Ұлттық Банк МӘМС активтерінің бұл қаражатын Ұлттық Банктің қысқа мерзімді депозиттеріне (медициналық көмектің ағымдағы төлеміне жіберіледі) – 171 млрд теңге, орта және ұзақ мерзімді облигацияларға - 108 млрд теңге және мемлекеттік бағалы қағаздарға 741 млрд теңге сомасында орналастырды.*

*Бұл жүйеге және пациенттерге қандай мүмкіндіктер береді?*

*2023 жылы алынған инвестициялық табыс 113 млрд теңгені құрады, яғни МӘМС пакетінің бюджетіне қосымша 113 млрд теңге түсті. Айта кету керек, 2022 жылмен салыстырғанда инвестициялық кіріс 1,6 есе өсті. Бұл қаражат МӘМС-тің қалған активтерімен бірге 2024 жылдың басында медициналық ұйымдармен 2024 жылға жасалған шарттар бойынша 30% мөлшерінде аванс төлеуге бағытталды.*

*МӘМС қаражатын тиімді сақтаудың бұл тетігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнаманы бекіту кезінде қаланды және жүйенің активтерін, оның ішінде жыл сайын көрсетілетін медициналық қызметтердің санын ұлғайтуға және қазақстандықтар үшін медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.*

*Айта кетерлігі, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржы-шаруашылық қызметі және МӘМС активтері бойынша жыл сайын тәуелсіз аудит жүргізіледі. Жыл қорытындысы бойынша қаржылық есептілік ҚР Қаржы министрлігінің депозитарийінде және Қордың ресми сайтына орналастырылады.*

*Сондай ақ Қор ҚР Үкіметінде және ҚР Үкіметінің шоғырландырылған есептілігі шеңберінде ҚР Парламенті депутаттарының алдында үнемі есеп береді.*

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ**
**Жетісу облысы бойынша филиал**

# АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ



*«Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында, қарттарымыздың үйіне барып қал жағдайын біліп, өтініш-шағымдарын тыңдап, медициналық көмек көрсетілді.*

*Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Даналықтың алтын кілті — ата-бабаларымыз. Ата жолын жалғап келе жатқан бүгінгі күнгі ақсақал аталарымыз бен ақ жаулықты әжелерімізге зор денсаулық, шаңырақтарына бақ-береке тіледі.*

# ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС: ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ БАҚЫЛАУДА

Ауыл шаруашылығы саласындағы ең өзекті, күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі – шегірткеге қарсы күрес жүргізу. Егіс алқабын жайпап жатқан бұл жәндік Жетісу облысын да айналып өтпеді. Шегіртке тектес зиянкестерге қарсы күрес бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды Өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекциясының басшысы Саят Сақмолдин және республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы облыстық филиалының басшысы Бақберген Атантаев айтып берді.

Биылғы жылы шегіртке тектес зиянкестерге қарсы 109, 416 мың гектар жерде химиялық өңдеу жұмыстары жоспарланған. Химиялық өңдеу жұмыстарын «Авиасила» ЖШС 4 ұшақ, жер үсті бүрку тәсілімен «Защита растений - К» ЖШС 7 жер үсті бүріккіш және жеке кәсіпкер «Бағжан» 7 жер үсті бүріккіш техникаларымен атқаруда.

«Аса қауіпті зиянкестердің ішінде облысымызда ауыл шаруашылығына ең қауіптісі – шегіртке тектес зиянкестер (Азиялық шегіртке және Итальяндық прус). Жалпы алғанда шегірткенің жаппай таралып, ауыл шаруашылығы жерлеріне айтарлықтай зиян келтіруі көптеген факторларға байланысты. Атап айтсақ, көп жылдық талдау негізінде, даму ерекшеліктеріне байланысты шегіртке тектес зиянкестердің жаппай таралуы әр 10-12 жыл ішінде байқалады.

Сол кезең қазіргі уақытқа келіп тұр. Сондықтан қаншалықты қиын жағдай қалыптасса да, ауыл шаруашылық жерлерін шегіртке тектес зиянкестерден қорғап қалуға барлық жағдайларды жасауға міндеттіміз», - деді жауапты мамандар.

Бүгінде Жетісу облысы бойынша жоспарланған 109 мың гектардың 108 мың гектары өңделді. Облыс әкімінің Өкіміне сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспары бойынша жергілікті атқарушы органдар шегіртке тектес зиянкестерге қарсы күрес шараларын ұйымдастыруға белсенділік танытып, қомақты үлесін қосып отыр.

Атқарылған іс-шаралардың нәтижесінде облыс көлемінде ауыл шаруашылық егістіктер, шабындықтар мен жайылымдарға шегіртке тектес зиянкестерден зиян келгені анықталмады.

# ТРЕБОВАНИЯ К МАРКИРОВКЕ УПАКОВАННОЙ ПИЩЕВОЙ ПРОДУКЦИИ

***Многообразие продуктов на прилавках магазинов сегодня дает покупателю неограниченную свободу выбирать для своего стола то, что ему нравится. Но это же многообразие порой ставит потребителя в тупик, поскольку производителей и названий продуктов много, а понимания, что из них предпочесть - мало. Поэтому маркировка продукции играет особую роль.***

1.Маркировка упакованной пищевой продукции должна содержать следующие сведения: 1) наименование пищевой продукции; 2) состав пищевой продукции, за исключением случаев, предусмотренных и если иное не предусмотрено техническими регламентами Таможенного союза на отдельные виды пищевой продукции; 3) количество пищевой продукции; 4) дату изготовления пищевой продукции; 5) срок годности пищевой продукции; 6) условия хранения пищевой продукции, которые установлены изготовителем или предусмотрены техническими регламентами Таможенного союза на отдельные виды пищевой продукции. Для пищевой продукции, качество и безопасность которой изменяется после вскрытия упаковки, защищавшей продукцию от порчи, указывают также условия хранения после вскрытия упаковки; 7) наименование и место нахождения изготовителя пищевой продукции или фамилия, имя, отчество и место нахождения индивидуального предпринимателя – изготовителя пищевой продукции (далее – наименование и место нахождения изготовителя), а также в случаях, установленных настоящим техническим регламентом Таможенного союза, наименование и место нахождения уполномоченного изготовителем лица, наименование и место нахождения организации–импортера или фамилия, имя, отчество и место нахождения индивидуального предпринимателя–импортера (далее – наименование и место нахождения импортера); 8) рекомендации и (или) ограничения по использованию, в том числе приготовлению пищевой продукции в случае, если ее использование без данных рекомендаций или ограничений затруднено, либо может причинить вред здоровью потребителей, их имуществу, привести к снижению или утрате вкусовых свойств пищевой продукции; 6 9) показатели пищевой ценности пищевой продукции с учетом положений части 4.9 настоящей статьи; 10) сведения о наличии в пищевой продукции компонентов, полученных с применением генно-модифицированных организмов (далее – ГМО). 11) единый знак обращения продукции на рынке государств – членов Таможенного союза; 2. Предусмотренная пунктом 1 части 4.1 настоящей статьи и нанесенная в виде надписей маркировка упакованной пищевой продукции должна быть нанесена на русском языке и на государственном(ых) языке(ах) государства-члена Таможенного союза при наличии соответствующих требований в законодательстве(ах) государства(в)-члена(ов) Таможенного союза, за исключением случаев, указанных в пункте 3 части 4.8 настоящей статьи. 3. В маркировке упакованной пищевой продукции могут быть указаны дополнительные сведения, в том числе сведения о документе, в соответствии с которым произведена и может быть идентифицирована пищевая продукция, придуманное название пищевой продукции, товарный знак, сведения об обладателе исключительного права на товарный знак, наименование места происхождения пищевой продукции, наименование и место нахождения лицензиара, знаки систем добровольной сертификации. 4. Дополнительные требования к маркировке упакованной пищевой продукции, не противоречащие требованиям настоящего технического регламента Таможенного союза, могут быть установлены в технических регламентах Таможенного союза на отдельные виды пищевой продукции. 5. Безалкогольные напитки, содержащие кофеин в количестве, превышающем 150 мг/л, и (или) лекарственные растения и их экстракты в количестве, достаточном для обеспечения тонизирующего эффекта на организм человека, должны маркироваться надписью «Не рекомендуется употребление детьми в возрасте до 18 лет, при беременности и кормлении грудью, а также лицами, страдающими повышенной нервной возбудимостью, бессонницей, артериальной гипертензией».

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,**
**Руководитель**
**Ескельдинского районного**
**УСЭК**
**Т. ЖАКИШЕВ,**
**Главный специалист**

# ГЛАВНЫЙ ВОПРОС: ГДЕ ХРАНЯТСЯ ДЕНЬГИ КАЗАХСТАНЦЕВ ПО ОСМС

***Вопрос о том, куда направляются и где хранятся взносы и отчисления граждан на обязательное социальное медицинского страхование, часто интересует казахстанцев. В Фонде социального медицинского страхования подготовили подробный ответ на него.***

Как известно, все взносы и отчисления поступают на специальный счет в Национальном банке Республики Казахстан, а оттуда направляются медицинским организациям за оплату оказанных населению медицинских услуг.

В Законе «Об обязательном социальном медицинском страховании» (статья 21) указано, что Фонд социального медицинского страхования осуществляет инвестиционную деятельность путем размещения активов Фонда (тех самых средств ОСМС) в финансовые инструменты через Нацбанк. При этом между Фондом и Нацбанком заключен договор доверительного управления.

Как это происходит?

Временно свободные денежные средства (те, которые остаются после оплаты медицинских услуг в системе ОСМС) Национальный Банк размещает в ценные бумаги и депозиты строго в соответствии с утвержденным перечнем финансовых инструментов. Это позволяет получать инвестиционный доход, то есть увеличить сумму накопленных активов ОСМС, которые в свою очередь направляются исключительно на оплату медицинских услуг и не могут быть использованы на содержание Фонда. При этом Фонд самостоятельно не размещает средства ОСМС.

По состоянию на 1 января 2024 года остаток чистых активов ОСМС составил 933 млрд тенге, которые были накоплены с 2017 года.

За четыре месяца 2024 года Фонд поступило взносов и отчислений на ОСМС 441 млрд тенге, в том числе получен инвестиционный доход на сумму 42 млрд тенге. При этом расходы на оплату медицинской помощи составили 354 млрд тенге. Таким образом, остаток активов Фонда на 1 мая 2024 года – 1020 млрд тенге.

Данные средства активов ОСМС размещены Национальным банком в краткосрочные депозиты Нацбанка (направляются на текущую оплату медпомощи) – 171 млрд тенге, в средне- и долгосрочные облигации – 108 млрд тенге, в государственные ценные бумаги – в сумме 741 млрд тенге.

Какие это дает плюсы системе и пациентам?

За 2023 год полученный инвестиционный доход составил 113 млрд тенге, то есть дополнительные 113 млрд тенге в бюджет пакета ОСМС. Важно отметить, рост инвестиционного дохода в сравнении с 2022 годом составил 1,6 раза. Эти средства вместе с остальными активами ОСМС в начале 2024 года были направлены на выплату аванса в размере 30% по договорам с медицинскими организациями на 2024 год.

Данный механизм эффективного хранения средств ОСМС был заложен при утверждении законодательства об обязательном социальном медицинском страховании и позволяет преумножать активы системы, что в том числе дает возможность ежегодно увеличивать количество оказываемых медицинских услуг и обеспечить доступность медицинской помощи для казахстанцев.

Отметим, что по финансово-хозяйственной деятельности Фонда социального медицинского страхования и активам ОСМС ежегодно проводится внешний независимый аудит. Финансовая отчетность по итогам года размещается в депозитарии Министерства финансов РК, а также на официальном сайте Фонда.

Также ФСМС регулярно отчитывается в Правительстве РК и перед депутатами Парламента РК в рамках консолидированной отчетности Правительства РК.

**Филиал по области Жетісу**
**НАО «Фонд социального медицинского страхования»**

# ПРИНЦИПЫ ХАССП

***ХАССП – это свод правил организации производственной деятельности на основе 7 принципов, гарантирующий обеспечение на выходе качественного и безопасного для потребителя продукта. Для достижения конечной цели, обеспечение людей безопасными продуктами питания, принципы ХАССП должны соблюдаться всеми предприятиями, через которые продукт проходит путь от состояния сырья к потребителю.***

***Система ХАССП обязательна для любых пищевых производств и объектов общественного питания.***

***Соблюдение принципов ХАССП является гарантией высокого качества и безопасности продукции.***

***Управление предприятием и обеспечение надлежащего качества продуктов по принципам ХАССП имеет несколько направлений:***

***-анализ, исследование рисков и опасных факторов, их непосредственный контроль;***

***-выявление критических контрольных точек в производстве с целью их проверки, регуляции и управления, а также минимизации и устранения возникающих рисков;***

***-определение критически возможных пределов параметров и их контроль;***

***-мониторинг процессов;***

***-корректирующие мероприятия, внедрение эффективных способов проверки для улучшения функционирования всей системы;***

***-разработка системы регистрации данных;***

***-ведение документации и оценка эффективности.***

***Внедрение принципов ХАССП на производстве***

***Внедрение ХАССП в производственный процесс состоит из «12 шагов». Поэтапный алгоритм из 12 пунктов описывает последоваельность действий для эффективного перевода работы предприятия в соответствие с ХАССП.***

***1.Создание группы ХАССП.***

***2.Описание сырья и готовой продукции.***

***3.Определение ожидаемого использования продукта.***

***4.Построение блок-схемы технологического процесса.***

***5.Подтверждение схемы технологического процесса на объекте.***

***6.Анализ потенциальных опасностей.***

***7.Определение критических контрольных точек критических контрольных точек (ККТ).***

***8.Установление критических пределов для каждой критических контрольных точек .***

***9.Разработка системы мониторинга для каждой критических контрольных точек.***

***10.Разработка плана коррекции и корректирующих действий.***

***11.Установление процедур верификации (проверки).***

***12.Ведение учетной документации и ревизионные проверки.***

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,**
**Руководитель**
**Ескельдинского районного**
**УСЭК**
**Т. ЖАКИШЕВ,**
**Главный специалист**

# БАЛАЛАРДЫ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ!



***Статистика бойынша, елімізде өрттің жалпы санының 10 – нан 15 % - на дейін түрлі жылыту құрылғыларынан немесе балалардың отпен ойнауынан пайда болады. Пәтерде немесе үйде жалғыз қалдырылған бала, ересектерге еліктей отырып, сіріңкені алып, қағазды жағып, электрлі жылыту құрылғысын қосып немесе тіпті өрт шығара алады. Ересектерден үлгі алған балалар, кейде темекі шегуге тырысады. Әрине, балаларды пәтерде жалғыз қалдырған ата – аналар кінәлі деп есептейді, олардан сіріңкелерді жасырмайды, балалардың мінез – құлқын бақыламайды, оалрдың ойынын бақыламайды, кейде балалардың айтқанына еріп, оларға сіріңкемен ойнауға, жанып жатқан пештерге қарауға және жандыруға рұқсат береді. Көбінесе ересектер болмаған кезде, балалар «жұмбақ орындарда»( құрылыс алаңдарында, шатырларда, жертөлелерде) немесе пәтерде ойнайды.***

***Есіңізде болсын, қымбатты ересектер, сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерде сақтайды. Балаларды пәтерлерде құлыптауға болмайды (соның салдарынан қанша қайғылы оқиға орын алған), оларға пештер мен жылыту құралдарын көруге, әсіресе жас балаларға жылыту құрылғыларын, газ плиталарын және т.б. қосуға рұқсат бермеу керек.***

***Әрбір ересек адамның міндеті – әр түрлі ойындарды отпен ойнаудан тоқтату, балаларғы олардың қауіп – қатерін түсіндіру болып табылады. Егер біреуге зиян келтіре отырып, балаларды қараусыз өалдыру нәтижесінде өрт пайда болса, ата – аналар әкімшілік тәртіпте, бұл үшін заңды жауапты екенін ескеру қажет. Сот жәбірленушінің өтініші бойынша ата – анасынан балалардың осындай жағдайды тудырғаны үшін тергеуге алып, келтірілген зиянның мөлшерін ала алады.***

**Ескелді ауданы**
**ТЖБ баспасөз қызметі.**

# АБАЙЛАҢЫЗ: КІШКЕНТАЙ СІРІҢКЕ - ҮЛКЕН ӨРТ!



***Балалардың отпен ойнауынан туындайтын өрттер, өкінішке орай, сирек емес. Мұндай өрттердің соңы өте қайғылы болуы мүмкін-баланың өлімі. Дәл балалық шақта баланың от алдында қауіп сезімін, оны шебер пайдалану дағдыларын және жанудың алдын алуға немесе өрттің қиын жағдайында жүруге көмектесетін білімді меңгеруіне тәрбиелеу үшін қолайлы жағдайлар туындайды. Балалардың отпен ойнау мәселесі бүгінгі күні ерекше өткір тұр. Отбасындағы алдын-алу әдетте тыйым салуларға дейін азаяды: газды қоспаңыз, матчтарға қол тигізбеңіз! Бірақ тыйымдар әрдайым тиімді бола бермейді, балалар жаңа тәжірибе іздейді! Бала мұндай жағдайларда саналы түрде жасыруға тырысады, қиялға пана іздейді – кереуеттің астында, үстелдің астында. Онда оның қасіреті басым. Сондықтан баланы өрт кезінде іс-әрекетке үйретуді ұмытпаңыз, оған эвакуация үшін мүмкін болатын шығуларды көрсетіңіз.***

***Балаларды үрейленбеуге және өрт болған жағдайда жасырынбауға үйрету өте маңызды. Оттан туындайтын қауіп сезімін бала ерте жастан бастап тәрбиелеу керек. Қауіпсіздік ережелерін сақтау әркімнің әдетіне енуі керек. Өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін біле және сақтай отырып, сіз өзіңіздің және өз мүлкіңізді ғана емес, жақындарыңыздың өмірін де сақтайсыз!***

**Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.**

«ЖЕТІСУ ШҰҒЫЛАСЫ»
№ 26 (9015), жұма, 12 шілде 2024 жыл

# ЭКОЛОГИЯ ТАЗАЛЫҒЫ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

*Халқымыз табиғатты анаға теңеген. Өйткені, табиғатта тіршілік өсіп өнеді. Өзіндегі барды адамға, жануарға, өсімдікке берген. Ата-бабаларымыз миллиондап мал өсірсе де жерінің шаңын шығармай, құнарын жоғалтпай, тұнығын лайламай, Ұлы даланы мекендеген жабайы аң-құстарға, жәндіктерге дейін қамқор бола білген. Табиғат сырын терең білмей, оған немқұрайлы қарау үлкен апатқа соқтырады. Бір кездері табиғатты бағындыруды мақсат тұтып, ормандар аяусыз балталанды. Аң-құстар шамадан тыс ауланды, жер жөн-жосықсыз жыртылды. Соның салдарынан бүгінгі таңда адам баласына экологиялық апат үлкен қауіп төндіріп отыр.*

*Экология – «мекен ететін табиғи орта туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Шындада экология өзіңнің тұрған үйіңнің, қоршаған ортаңның тазалығын сақтау, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады. Сонымен бірге экология табиғатта болып жатқан барлық өзгерістердің себебін анықтау, баға беру және оның алдын алу мәселелерін қарастырады. Ең алғаш1866 жылы «экология» терминін неміс биологы Э.Геккель өзінің еңбегінде қолданған және «Экология – тірі ағзалардың бір-бірімен қарым–қатынасын қоршаған ортамен байланыстырып зерттейтін ғылым» деген анықтама берген.*

*Табиғи ортаны ластанбауына адамдардың терең түсінігі керек. Біз қоршаған ортаны қорғаймыз десек, балабақшадан бастап экологиялық тәрбиені үйреткеніміз дұрыс. Ата аналар тазалық сақтауды балаларының бойына неғұрлым ерте сіңірсе, соғұрлым іс алға басып, бүгінгідей күрделі жағдайлардың алдын алуға септігі тиеді.*

Қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен ауру деңгейі

Адамның денсаулығының төмендеп, ауруға шалдығуын ағзаның ортаға толық бейімделе алмауымен, қолайсыз әсерлерге берген теріс жауабы ретінде қарастыру керек. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ) анықтамасы бойынша, денсаулық дегеніміз — бұл тек аурудың болмауы емес, ол толық физикалық, психологиялық және әлеуметтік қолайлылық.

*Ғалымдардың есептеулері бойынша адамдардың денсаулық жағдайы 50—52%-ы — өмір сүру салтына, 20-25%-ы — тұқым қуалау факторларына, 18—20%-ы — қоршаған орта жағдайларына, ал 7—12% ғана денсаулық сақтау саласының деңгейіне байланысты болады. Антропогенді факторлар бұрын болмаған, жаңа техногенді ауруларды туғызады. Адамның денсаулығына зиянды әсер ететін факторлардың ішінде әр түрлі ластаушы заттар бірінші орын алады. Адамның іс-әрекеті нәтижесінде биосфераға, оған тән емес 4 млн.-нан астам заттар шығарылады. Сонымен қатар, жыл сайын қоршаған ортаға мыңдаған жаңа заттар шығарылады. Олардың көпшілігі ксеиобиотиктер (грек тілінен аударғанда xenos — бөтен) адам мен басқа да тірі ағзалар үшін бөтен заттар. Аурулардың көбеюі сонымен қатар табиғи ортаның әр түрлі трансформацияларымен, оның толық бұзылуы, өнеркәсіптік кешендерге, бір типті тұрғын жерлерге және т.б., яғни «үшінші табиғатқа» айналуына байланысты. Денсаулыққа әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың әсері артып отыр. Табиғи және физико-химиялық тұрғыдан алғанда таза орта болса да, қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай ауру мен өлімнің артуына әкелетінін өмір көрсетіп отыр. Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы адамның психологиялық күйі мен стресстік құбылыстар арқылы әсер етеді. 9-кестеде халықтың өліміне әр түрлі аурулардың әсері көрсетілген.*

Әр түрлі аурулардың әсерінен халықтың өлімінің себептері



Адамдардың мезгілсіз қайтыс болу себептері ең алдымен қолайсыз табиғи және әлеуметтік факторлар болып табылады. Ауру мен өлімнің қоршаған орта жағдайларына тәуелділігі жекелеген мемлекеттер мен аймақтар мысалынан көрінеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша жыл сайын дүние жүзінде шамамен 500 мың адам пестицидтермен уланады және оның 5 мыңы өліммен аяқталады. Мұндай құбылыстар әдетте «үшінші әлем» елдерінде жиі кездеседі. АҚШ-пен салыстырғанда бұл елдерде улану 13 есе артық. Американ ғалымдарының мәліметтері бойынша барлық қатерлі ісік ауруларының 90%-ы қоршаған ортаның қолайсыз әсеріне байланысты. ФРГ-де соңғы 10 жылда қатерлі ісікпен ауыратындардың үлесі ер кісілерде 15-тен 23%-ға дейін, ал әйелдерде 17-ден 25%-ға дейін артқан. Аурулар индустриалды және ластанған аудандарда жиі кездеседі. Балалардың жалпы ауруларына әсер ететін күшті фактор көміртегі тотығы мен шу болып табылады. Ғалымдардың мәліметтері бойынша СО-ның мөлшері 6,5-тен 12,3 ЖЖК-ге көтерілуі балалардың ауруларының 2 есе, ал акустикалық қолайсыздықтың 8-ден 20%-ға артуы — 1,4 есеге артуына әкеледі. Арал аймағы экологиялық апат аймағы болып табылады. Бұл аймақ аурулар мен өлімдердің жоғары болуымен сипатталады. Мысалы, Қарақалпақстанда (Өзбекстан) балалар өлімінің жиілігі туған мың балаға 87-ден келеді, ал Скандинавия елдерінде 7—8, Жапонияда — 5. Бұрынғы КСРО-да 80-жылдардың соңында орташа балалар өлімінің жиілігі 24—25 болған.

***Аурулар туғызатын заттар мен факторлар.***

*Ағзаларға қолайсыз әсер ететін және ауруларға әкеліп соқтыратын заттарды төмендегідей топтарға бөліп көрсетуге болады:*

*1) концерогендер (латын тілінен аударғанда cancir — рак, генезис — шығу тегі) қатерлі ісіктер туғызады. Қазіргі уақытта шамамен 500 осындай заттар белгілі. Олардың ішіндегі ең күштілеріне бензо(а)пирен және басқа да полициклді ароматтық көмірсулар, ультракүлгін сәулелер, радиоактивті изотоптар, эноксидті смолалар, антриттер, нитрозаминдер, асбест және т.б. жатады;*

*2) мутагендер (латын тілінен аударғанда ти*

*tasio — өзгеру) – хромосомалар саны мен құрылымының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Оларға: рентген сәулелері, гамма-сәулелер, нейтрондар, бензо(а)пирен, колхицин, кейбір вирустар және т.б. жатады;*

*3) тератогендер (грек тілінен аударғанда teras, teralos — құбыжық) — жеке дамуда кемістіктерге әкелетін, кемтарлықтардың пайда болуына әкелетін заттар. Тератогендерге әсер ететін мөлшерінен артып кететін кез келген фактор жатады. Көбінесе тератогендерге мутагендер, сондай-ақ пестицидтер, тыңайтқыштар, шу және т.б. ластаушылар жатады. Сонымен қатар, эмбриогендерді де бөліп көрсетуге болады. Эмбриогеидер (грек тілінен аударғанда embryo – ұрық) эмбрионалдық даму кезінде зақымдануларға әкелетін заттар. Эмбриогендерге тератогендер, мутагендер және басқа да заттар (мысалы, алкогольді ішімдіктер, есірткі заттар және т.б.) жатады. Адам қызметінің нәтижесінде жаңа, бұрын болмаған аурулар пайда болады. Мұндай ауруларды ерекше техногенді аурулар тобына жатқызады. Оларға қорғасын («сатуризм»), кадмий («ита-ита»), сынап қосылыстарымен (“минамата”) және т.б. уланудан пайда болған аурулар жатады.*

***Денсаулық үшін зиянды органикалық және бейорганикалық заттар***

*Көптеген органикалық заттар улы және жоғары дәрежеде тұрақты болып табылады. Олар көбінесе канцероген, мутаген, тератоген немесе басқа аурулардың пайда болуын күшейтеді. Органикалық қосылыстардың ішінде, әсіресе, галогенді көмірсулар мен полициклді ароматтық көмірсулар (ПАК) қауіпті.*

***Галогенді көмірсулар.***

*Бұл топқа бір немесе бірнеше көміртегі атомдары хлор, бром, йод немесе фтормен алмасқан органикалық қосылыстар жатады. Хлорлы көмірсулар кең таралған. Олардың көпшілігі тұрақты, ағзалар оларды жеңіл сіңіреді және жекелеген мүшелер мен ұлпаларда жиналуға қабілетті. Мысалы, поливинилхлорид (ПВХ), полихлорды бифенилдер (ПХБ), ДДТ (пестицид), тетрахлорфенол және тетрахлорэтилен (еріткіштер). Бұл топқа өте улы зат — диоксиндер де жатады. ПВХ мен винилхлорид бауырдың қатерлі ісігін, тері, сүйек пен аяқ-қолдың зақымдануынан көрінетін винилхлоридтік ауруды туғызады. Ұзақ уақыт бойы винилхлорид қауіисіз деп есептеліп келді. Оны аэрозоль баллондарында газ-тасымалдаушы және медицинада наркоз ретінде қолданып келген. Тек 70-жылдары ғана оның улы қасиеттері анықталды. Белгілі ДДТ (дихлордифенилдихлорэтан) да хлорлы көмірсуларға жатады. 1939 жылы Моллер бұл заттың инсектицидтік қасиеттерін анықтады. Бұл препараттың 15 млн. тоннасы жер шарының барлық дерлік аймақтарында қолданылған. Антарктиданың өзінен шамамен 25 мың тонна ДДТ табылған. Кейіннен ДДТ май ұлпалары мен ана сүтінде жиналатыны белгілі болды. 70-жылдардан бастап бұл инсектицидті қолдануға тыйым салынды. Бірақ жоғары дәрежеде тұрақтылығына байланысты (ыдырау мерзімі 50 жыл) ол қоректік тізбектерде әлі де интенсивті түрде айналымда болып келеді.*

*Диоксиндер қазіргі белгілі улы заттардың ішіндегі ең күштілерінің бірі. Диоксиннің канцерогенді, мутагенді, тератогенді әсері анықталған. Ол әйелдің бала туу қабілетіне әсер етеді. Диоксиннің көп бөлігі (шамамен 200 кг) қоршаған ортаға американдықтардың Вьетнамда қолданған дефолианттары түрінде шығарылды. Нәтижеде тек вьетнамдықтар ғана зардап шеккен жоқ шамамен 20 мың американдықтарды да қамтыды.*

*Фенолмен улану бауырды, бүйректі, қанды зақымдайды. Ағзаның тұқым қуалау қасиетіне де әсері анықталған. Сонымен қатар канцерогенді және тератогенді әсер етеді. Халықтың денсаулығына метанол немесе метил спирті өте қауіпті. Түсі мен иісі бойынша оны этил спиртінен айыру өте қиын улы зат. 30—100 мл мөлшері адамның өліміне әкеліп соқтырады.*

*Формальдегид химия өндірісінің маңызды өнімдерінің бірі болып табылады. Фтор альдегид аллергиялық реакциялар туғызуы мүмкін. Сонымен қатар оның канцерогендігі туралы да мәліметтер бар. Адам мен басқа да тірі ағзалар бұл затпен үнемі әсерлесуде болады (пластик, ағашты-талшықтар, консерванттар, автокөліктердің газдары, темекі түтіні т.б.). Дүние жүзінде ондаған миллион тоннасы өндіріледі. Қазір бұл затты тұрмыстық мақсатта қолдануды шектеуге бағытталған шаралар жүргізілуде. Ауыр металдар. Көптеген ауыр металдар ағзалардың тіршілігіне қажет және микроэлементтер тобына жатады. Оларға цинк, мыс, марганец, темір және т.б. кіреді. Сонымен қатар олар тірі ағзалар үшін улы. Ауыр металдар ақуыздармен жеңіл байланысып, майда еріп, жинақталады. Ауыр металдардың қоршаған орта мен ағзада жинақталуының негізгі көзі — отынды жағу, пестицидтер, кейбір органикалық қосылыстар, өндірістік қалдықтар және т.б. Белгілі мәліметтер бойынша (Вронский, 1996) антропогенді заттар есебінен қоршаған ортаға қорғасынның 94-97%-ы, кадмийдің — 84-89%-ы, мыстың — 56-87%-ы, никельдің — 66—75%-ы, сынаптың — 60%-ы шығарылады.*

*Қорғасынның негізгі көзі — автокөлік жанармайы болып табылады. Қорғасынның көп бөлігі металлургия кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығында пестицид ретінде мышьякты) қорғасынды қолдану кезінде шығарылады. Қоршаған ортада қорғасынның артуы, әсіресе, өнеркәсіптік революцияның басталуымен тығыз байланысты. ХХ ғасырдың қала тұрғындарының қаңқасындағы қорғасынның мөлшері 1600 жыл бұрын өмір сүрген адамдармен салыстырғанда 700—1200 есе артық.*

*Қорғасынмен улану немесе «сатуризмнің» белгілері мынадай: тез шаршау, кешке көру қабілетінің төмендеуі, қан аздық, бүйректің зақымдануы, жүрек ауруы, уақытынан бұрын босану, түсік тастау. Кадмий. Ауыр металдардың ішіндегі ең улы элемент. Ортаға кадмийдің шығарылу себептері тас көмірдің шаңы, химиялық тыңайтқыштар, пластмассалардың қалдықтары мен жану өнімдері, темекі түтіні. Қорғасынға қарағанда кадмий топырақтан өсімдікке жеңіл өтеді (70%-ға дейін) де, ағзадан баяу шығарылады. Негізінен бүйректі (бүйректе жиналады), жүйке жүйесін, жыныс мүшелерін зақымдайды, тыныс алу жүйесіне зиян. “Ита-ита” ауруын туғызады. Сынап. Қоршаған ортада кеңінен таралған. Дүние жүзіндегі сынаптың өндірісі жылына 10 мың т. астам. Ол негізінен электротехникада, медицинада және химия өнеркәсібінде қолданылады. Металдық (элементарлық) сынап іс жүзінде ағзаға зиянды емес. Бірақ бу түріндегі сынаптың әсері қауіпті. Ағзаға тамақпен не тері арқылы енген сынап тұздарының қауіптілігі жоғары.*

*Сынаптың металлорганикалық қосылыстары (әсіресе метил сынап) ағза үшін өте улы және қауіпті.*

*Соңғы кезде дәрігерлердің назарын өзіне аударып отыр. Ұсақ асбест шаңы — асбестоз ауруын туғызады. Өкпе ұлпаларын зақымдап, қатерлі ісіктерге әкеледі.*

***Қала экологиясының адам денсаулығына әсері***

*Қала және адамның денсаулығы. Қазіргі кездегі адамның экологиялық ортасы – қала. Ол ең ірі және табиғи ортадан өзгеше, көптеген параметрлері бойынша экстремалды деуге болатын орта. Қалада техногенді қуаттың орасан зор концентрациясы жиналады. Дүние жүзінің қалаларында қазір ғаламшарымызды мекендейтін халықтың шамамен жартысы шоғырланған. Соңғы 45 жылда қала халқының саны 729 млн-нан 2540 млн. адамға дейін өсті, яғни 3,5 еседей, ал олардың халықтың жалпы санындағы үлесі 29-дан 44%-ға дейін артқан. Сонымен қатар, қалалардың іріленуі жүріп отыр. 1995 жылдың соңына қарай дүние жүзінде халқының саны 1 млн.-нан астам халқы бар 320 қала және 5 млн.-нан астам халқы бар 48 қала болған. Бірақ урбанизация (латын тілінен аударғанда urbanus - қалалық) процесі тек қала халқының немесе қалалардың мөлшері мен санының артуымен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, бұл процесс қоғам өміріндегі қалалардың рөлінің артуынан, көптеген адамдардың өмір сүру салтының өзгеруінен де көрінеді. Қалалардағы адам экологиясына тән нәрсе — бұл табиғи экологиялық факторлардан оқшаулану болып табылады. Қажетті мөлшерде өсімдіктер, тірі топырақпен, сумен қамтамасыз етілген. Адамның биологиялық табиғаты мен оның табиғатқа қарсы іс-әрекетінің нәтижелері арасындағы қайшылық, әсіресе қала жағдайында шиеленісе түседі.*

*Қазіргі кездегі қала — күрделі әлеуметтік-экономикалық ағза. Ол демографиялық, экономико-географиялық, инженерлік-құрылыс, сәулеттік факторлардың әсерінен, қоршаған экономикалық кеңістік пен табиғи ортаның алуан түрлі өзара әсерлері нәтижесінде қалыптасады. Көбінесе, қалалармен қоғамдық процестің көптеген белгілерін байланыстырады. Бірақ, қала өркениеті — қолайлы жағдайлар, тұрмыстың жеңілдеуіне әкелгенмен, коммуникация тығыздығы, әр түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктері — тек барлық жағынан қолайлы орта емес. Қала ортасы адамның басты сапасы — оның денсаулығына қолайсыз әсер етеді. Атмосфераның, судың, азық-түлік өнімдерінің, күнделікті қажетті заттардың өнеркәсіп пен транспорттың қалдықтарымен ластануы, электромагниттік өріс, вибрация, шу, ауаның дезионизациялануы, тұрмыстың химияландырылуы, шектен тыс көп ақпараттардың ағыны, уақыттың жетіспеуі, гиподинамия, эмоциогенді қысым, дұрыс тамақтанбау, зиянды әрекеттердің кеңінен таралуы — осылардың барлығы қосылып адамның денсаулығын нашарлатады. Қала халқының басым бөлігі демалатын қаладан тыс, табиғи жағдайда өткізуге тырысады. Бірақ, мұндай жерлерде мүмкін болатын рекреациялық (рекреация латын тілінен демалу, сауығу) қысым артады да, олар: қаланың жалғасына айналады.*

**Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ,**
Дайындаған

# ЖАҚСЫЛЫҚҚА — ЖАҚСЫЛЫҚ



Жортып келе жатқан ана-қасқыр аңдаусызда апанға түсіп кетті.

Көзі қарауытып басы айналды. Бар салмағымен құлағандықтан жамбас сүйегі сырқырап барады. Қолынан келер қайран жоқ, тістеніп шыдап бақты. Сүйегі аман сияқты, оған да шүкір! Жоғары қарап еді, жүрегі зу етті. «Өлген жерім осы екен! Терең шұңқырдан қайтіп шығам?» — деп уайымға берілді.

Қоңыр қозы апан қасынан өтіп бара жатқан. Ыңырсыған дыбысты естіп, құлақтарын тігіп тұра қалды.

— Ыр-р!

Зәресі ұшқан қозы қайраттанып шұңқырға үңілді.

— Мәс-са-ған-н! Қасқыр ғой!

Қорыққанын сездіргісі келмей сабыр сақтап, сәл ойланды. “Жыртқыш екені рас! Бірақ қазір мүсәпір, дәрменсіз. Қой тілдесейін…»

— Қасеке, сә- лемет-пі-сіз?

— Сәлем-м.

Мұнда қалай түстіңіз?

— Жарқыным-ау, кеудесінде жаны бар тіршілік иесі текке жата ма?! Тамақ іздеп жортып келе жатқанмын. Алдым жылмағайдай тегіс сияқты еді. Айла асқан ба адамнан, шұңқыр қазып, жас шілікпен бетін жауып қойыпты. Қайдан білейін, омақаса құлап түстім.

— Қиын болған екен! — Қоңыр қозының жаны ашыды.

— Күні кеше дүниеге келген күшіктеріме обал! Соларға жаным ашып, уайымдап жатырмын.

Ана-қасқыр мұңайып, шарасыздық танытты.

Қоңыр қозы қол ұшын бергісі келді. Қайтсе екен?! “Ә-ә, таптым!..»

Қалың орманды бетке алып жортып бара жатып, отар жаққа көз қырын тастап қойды.

— Тәуекел-л!

Аяғы-аяғына тимей діттеген жеріне жетіп, қалың ағаш арасынан қураған қайыңды тез тапты. Қайыра келген ізімен жан ұшырып апанға жетіп, амалдап төмен түсірді. Ана-қасқыр қуанды. Қоңыр қозыдан мұндай батылдық күтпеп еді. Бәлесін қара-а! Оңаша жолықса жәукемдеп тастайтын қошақан ата жауын ажалдан арашаламақ.

Қураған қайыңның бұтақтарымен өрмелеп апаннан атып шықты ана-қасқыр. Жан-жағын шапшаң шолып өтті. Қоңыр қозыға зер сала қарады.

Айрықша белгілері болса жадына тұтпақ. «Ә-ә, оң құлағында үш бұрыш ойық бар екен!..»

Арада бір жыл өтті.

Қоңыр қозы есейіп тоқты болды. Бір күні аңдаусызда артқы аяғын сындырып, отарға ілесе алмай шеттеп қалды. Қанаған аяққа шыбын-шіркей үймелеп, келе-келе құрттады. Жайылуынан жатуы көп.

Өліара. Мамыр айы болғанымен түн салқын.

Үйірлі қасқыр жүрісі суыт. Алда жалы күдірейген көк шулан. Одан кейін ана-қасқыр, қалғаны жас күшіктер. Нәр татпағандарына үшінші күн, көздері қанталап айналаға суық қарайды. Бір кезде көк шулан иіс тартып тұра қалды.

— Ананы қара! — Жиырма қадамдай жерде жас марқа жатыр. Сілекейі шұбырды.

Ақсақ тоқты басын көтеріп, алға ұмтылғанымен орнынан тұра алмады.

О-о! Тоятын болдық! — Жас күшіктер қуанды.

— Іздегенге-сұраған.

Тісім қышып еді.

— Жете ме бәрімізге…

— Жет-пе-ген-де-е!..

— Өле жегенше, бөле жейміз.

Ана-қасқыр ұлардай шулаған ұяластарын тоқтатты.

— Сабыр сақтаңдар!

Қоңыр марқаның денесі мұздады. Ана-қасқыр былтырғы оқиғаны есіне түсірді. “Сол!” деп жылдам ойлап өтті.

— Қоңыр марқа танидым сені.

— Мен де шырамытып тұрмын.

— Терең апан, қураған қайың… Ажалдан алып қалғансың. Жақсылыққа жақсылық! Қорықпа! Тимейміз!

Ана-қасқыр ұяластарын ертіп кетіп калды. Көз ұшынан салт атты көрінді. Бұл марқаны іздеген қойшы болатын.

Ертегі

# ӨНЕГЕ

Бұрынғы заманда бір үлкен шаһар бар екен. Бұл шаһардың ханы болыпты. Ол күнде жаман киініп, жай кісі болып, шаһарды, базарды аралап жүреді екен. Күндерде бір күн хан базарды аралап келе жатып, басына бір кесек алтын, аяғына бір кесек алтын қойып жатқан бір адамды көреді. Мұны көріп, хан таң қалып, неше күндей мұны сыртынан бағып жүреді. Бұл адам ерте де, кеш те бір қалыпта: басына, аяғына бір-бір кесек алтын қойып жатады. Ақырында, бір күні хан:

— Сен не қылған адамсың? – деп сұрайды.

Ол адам басын көтеріп:

— Мен ақыл сатушымын, – дейді.

— Олай болса, маған бір ақыл сатшы, – дейді патша.

Сонда ол адам:

— Құп болады, бірақ әр ақылымның бағасы мың алтын, – дейді. Хан санап, мың алтын береді. Сонда ақыл сатушы:

— Не істесең де ойлап істе, ойламай іс қылсаң, қор боласың, – дейді. Мұнан соң хан ордасына келіп, баяғы сөзді әрбір көзге түсетін жерлерге, орамал-дастарқанға дейін жазып қояды. Күндерде бір күн хан шашын алғызатын болып: «Шаштараз алып кел», – деп, бас уәзірге әмір қылады. Уәзір дереу бір шаштаразға барып: «Ертең келіп, ханның шашын ал» – деп бұйырады. Ертең ерте шаштараз ханның ордасына келе жатса, алдынан уәзір шығады. Уәзір:

— Ей, шаштараз, ханның шашын қандай ұстарамен алмақшы едің? –дейді. Шаштараз:

— Ай, тақсыр, күндегі ұстап жүрген жай ұстарамен аламындағы. Жақсы ұстараны мен байғұс қайдан табамын? – дейді. Сонда уәзір:

